ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ШАХТИНСК ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ШАХТИНСКА»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

# БҰЙРЫҚ ПРИКАЗ

2022 жылғы 15 қыркүйек № 213 ж/қ

Шахтинск қаласы город Шахтинск

**Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру, білім беру ұйымдарында ішкі тәртіп ережелерін бұзуға жол бермеу мақсатында Қарағанды облысының білім басқармасының 2022 жылғы 14 қыркүйектегі №559 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Шахтинск қаласының білім беру ұйымдарының директорларына:

1) жөндеу жүргізуге, жиһаз, жабдық сатып алуға, үй-жайларды жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар алуға, аттестациялар, мерекелік іс-шаралар өткізуге және басқа да мақсаттарға ақша қаражатын мәжбүрлеп жинауға үзілді-кесілді тыйым салу;

2) оқу орындарының қабырғасында жол бермеу жөнінде пәрменді шаралар қабылдасын:

- ойын-сауық іс-шараларына кітаптар, билеттер сату;
- концерттік бағдарламалар мен ертеңгіліктер өткізу үшін шақырылған актерлердің қызметтеріне ақы төлеуге қаражат жинау;
- ата-аналар мен оқушылардан ақшалай алымдар есебінен мерекелік күндерге сыйлықтар мен жүлделер сатып алу;
- мерекелік күндерге білім беру ұйымдарын рәсімдеуге қаражат жинау;
- оқу-тәрбие процесі кезінде коммерциялық құрылымдардың жарнамалық іс-шараларын жүргізу (байланыс операторларының, тамақтандыру ұйымдарының жарнамасы және т.б.);
- жалдау шарты жоқ коммерциялық құрылымдардың өнімдерін өткізу;
- білім беру ұйымдары қызметкерлерінің оқушылардың бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылмайтын конкурстар мен зияткерлік ойындарға қатысуы үшін ата-аналардан қаражат жинау.

002264

3) тәрбие жұмысын іске асыру шеңберінде өткізілетін білім беру ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілерінің мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуына қаражат жинауды білім беру ұйымы қызметкерлерінің қатысуынсыз (театрларға, көрмелерге, мұражайларға және т.б. бару) ерікті негізде ғана жүргізу;

4) педагогикалық ұжымдарда және ата-аналар комитеті мүшелерінің арасында оқу орнының қажеттіліктеріне ақша қаражатын заңсыз жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

5) ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге, тәрбиешілер мен директорларға тиісті шаралар қабылдау;

6) білім беру ұйымдарында ақша қаражатын заңсыз жинауға жол бермеу туралы бұйрық шығару.

2. Осы бұйрықтың орындалмауына жол берген білім беру ұйымдарының директорларына атқарып отырған лауазымынан босатуға дейінгі тәртіптік жазалау шараларын қолдансын.

3. Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің кадр қызметі (А.Ю.Галкина) білім беру ұйымдарының директорларын осы бұйрықпен қол қойғызып таныстырсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Басшы** **Н.Онсович**

«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШАХТИНСК ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ БСН 611040000019

Қарағанды облысы білім басқармасының
Шахтинск қаласы білім бөлімінің
«№12 жалпы білім беретін мектебі» КММ
қызметкерлерінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі №213 бұйрығымен таныстканы туралы

| № | ТАӘ | Лауазымы | Қолы |
|---|---|---|---|
| 1 | Абдихаликова Акжайык Абдикамаловна | Учитель русского языка и литературы | |
| 2 | Акимашова Айнур Актаевна | Учитель начальных классов | |
| 3 | Асенова Гаухар Канатовна | Учитель начальных классов | |
| 4 | Әлмұханбет Ерқанат Есенкелдіұлы | Учитель географии | |
| 5 | Баймбетова Мауегул Зейнуллаевна | Учитель истории | |
| 6 | Буртебаева Сайран Сипатоллаевна | Заместитель директора по информационным технологиям | |
| 7 | Дария Айдана Муратовна | Учитель начальных классов | |
| 8 | Исламгулова Евгения Александровна | Учитель русского языка и литературы | |
| 9 | Кенжебекова Айжан Байзаковна | Педагог-психолог | |
| 10 | Кайырова Бакытгул Аманбаевна | Учитель начальных классов | |
| 11 | Конырова Әсем Берікқызы | Учитель английского языка | |
| 12 | Каирова Бакыт Аманбаевна | Учитель начальных классов | |
| 13 | Керимова Зибейда Авазовна | Учитель английского языка | |
| 14 | Мустафина Айзада Беркиновна | Учитель физики и информатики | |
| 15 | Ниязбеков Нурбол Армиясвич | Учитель физического воспитания | |
| 16 | Нурманов Серикназар Егемназарович | Учитель математики | |
| 17 | Рамазанова Эльвира Нуркеновна | И.о.директора школы | |
| 18 | Рахметжан Айман | Заместитель директора по воспитательнойчасти | |
| 19 | Сарсенбаева Назифа Дайрабаевна | Учитель начальных классов | |
| 20 | Сейтбекова Гульмира Сексеновна | Учитель начальных классов | |
| 21 | Солтанғали Жанбота | Учитель химии и биологии | |
| 22 | Смагулова Индира Анатольевна | Учитель предшкольной подготовки | |